

Хасангалиева Бибигуль Кенесовнаның
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі
медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу
бағыты» диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Тіл білімінің антропоэекті парадигмасы аясында пайда болған танымдық бағыт терминтанымдық зерттеулерге жаңа ізденістер мен пікірлердің пайда болуына ықпал етті. Тіл мен білім арасындағы байланысқа тереңірек зер салу терминтануды тек ғылыми атаулар жүйесі ғана емес, сол атаулардың пайда болуы мен қызмет етуіндегі адам факторын арнайы қарастыру қажеттігін көрсетті. Танымдық тіл білімінің теориялық тұжырымдары мен зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып когнитивтік терминтаным ғылыми білім, оның вербалдануы, кәсіби қарым-қатынас ерекшелігі, белгілі бір кәсіп иесінің танымы, термин жасаудағы когнитивтік механизмдері т.б. көптеген мәселелерді көтерді. Когнитивтік терминтанымда бұрын сөз болмаған кәсіби тілдік тұлға және оның терминжасам шығармашылығы, белгілі бір ғылым мен техника саласының заттары мен құбылыстарын атау үдерісі мәселесіне назар аудару алға шықты. Терминтанымдағы когнитивтік бағыт өзіне дейінгі дәстүрлі терминтанымдағы көтеріліп, әлі күнге шешімін таппай келе жатқан мәселелерге, атап айтқанда, қарапайым сөз бен арнаулы сөздің арақатынасы, терминдердің этимологиясы, кірме терминдер, терминдерді нормалау т.б. сұрақтарды қарастыруда жаңа көзқарастар мен ұстанымдарды қалыптастырды.

Когнитивті лингвистиканың концепт, фрейм, сценарий, гештальт т.б. ұғымдық аппараттарын когнитивтік терминтаным тиімді пайдалана отырып, ғылыми білімді тілде бейнелеу, жеткізу және сақтау үдерістерін зерттеуге ұмтылады. Дәстүрлі терминтаным терминге қойылатын бірмағыналылық, эмоциялық реңктің болмауы, қысқалық сияқты талаптарға назар аударса, когнитивтік терминтаным кәсіби білімнің құрылымына, концептуалдану ерекшеліктерін зерттеуге қызығады.

Терминді зерттеуге бағытталған жаңа көзқарастар мен ұстанымдар ең алдымен, терминнің танымдық аспектісі терминге кәсіби тілдік тұлға көзімен қарауға жол ашады, одан кейін когнитивтік терминтаным терминді мағынасы мен таңбасы, мазмұн межесі мен тұрпат межесі, ұғым мен мағына, ұғым мен концепт арақатынасына қатыстылығын зерделеп, оның күрделі табиғатын тануға ұмтылады. Терминтанымдағы жаңа зерттеулер терминді оны жасаушы адаммен, оның қоршаған дүниеге қатынасы мен көзқарасы, бағасы тұрғысынан қарастыруға және терминде кәсіп иесінің ойлау жүйесі мен танымдық тәжірибесі бейнеленетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі. Бүгінгі таңда тіл білімінің бірқатар күрделі мәселелерін адамның когнитивті іс-әрекетімен байланысты қарастыру қалыптасты. Тілдік құбылыстарға когнитивті көзқарасты пайдалану тілді білімнің концептуалды құрылымдары туралы ақпараттың көзі ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Ұғымдар, түсініктер, концептілер, фреймдер адамның қоршаған дүниені қабылдау арқылы туындайды, танымдық үдерісте қалыптасады, тілде вербалданады. Тіл адамның ақыл-ойы қоршаған шындық дүниені қалай таныса, қалай жіктесе солай бейнелейді. Тілдік бірліктердің әрқайсысы адамның когнитивті іс-әрекетінің көрінісі және оның нәтижесі болып саналады.

Қазіргі тіл біліміндегі когнитивті зерттеулер терминтану үшін де өте маңызды, өйткені әрбір терминде дәл және нақты ғылыми білім құрылымы беріледі. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау ғылыми ұғымға атау беру алдындағы кәсіби тілдік тұлғаның ақыл-ой әрекетін бейнелейді. Терминді кәсіби маманның ойлау үдерістерімен бірлікте қарастыратын когнитивтік терминтаным қазақ тіл білімінде 2000 жылдардан бері сөз бола бастады. Бұған дейін қазақ терминтанымы функционалды, семасиологиялық, ономасиологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырылып келді. Аталған зерттеу бағыттары терминді белгілі бір ғылым мен техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы, олардың қолданысы, жасалу тәсілдері, терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарастырды, терминжасамдағы кәсіби тілдік тұлғаның рөлі, ғылыми білімнің вербалдану ерекшеліктері мәселелері назарға алынбады. Шетелдік ғылыми зерттеулерге жасалған шолу тақырыптың біршама зерттелгенін көрсетті, бірақ отандық ғылымда когнитивтік терминтаным мәселесі ерекше назар аударуды қажет ететіні анықталды. Атап айтатын болсақ, қазақ терминтанымындағы кәсіби тілдік тұлға, дүниенің ғылыми бейнесі, терминжасамның когнитивтік механизмдері, ғылыми дискурс, құрылысы әртүрлі тілдер терминжүйесін салғастыру, терминдерді когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамалық мәселелері т.б.

Қазақ терминтанымында медицина терминжүйесі құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында зерттелгенімен, когнитивтік терминтаным тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны болмаған. Қазақ көз аурулары туралы ілімнің қалыптасу тарихы ерте кезеңдерден басталғанымен, оларды арнайы зерттеп, қазақ офтальмология терминдерін когнитивті лингвистиканың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып зерделеу алғаш қолға алынып отыр. Осыған байланысты диссертация төмендегі мәселелерді қарастырады: терминді зерттеудің тарихы хронологиялық ретпен талданады, яғни дәстүрлі терминтанымнан бастап когнитивтік терминтаным ұстанымдарының пайда болуы бірізді зерделенеді; когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары айқындалады; дүниенің ғылыми бейнесі және кәсіби тілдік тұлға ұғымдары анықталады; терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдері

зерттеледі; фреймдік талдау офтальмология терминдерін зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде анықталады; медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді салғастырмалы әдістемесі ұсынылады; қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы анықталады; құрылысы әртүрлі екі тілдің фреймдік репрезентациясындағы ортақ және айырым белгілер анықталады; электронды офтальмология сөздігі жасалады. Аталған мәселелердің барлығы қазақ терминтанымының теориясы мен практикасы үшін өте маңызды сұрақтар, сондықтан қорғауға ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігін айқындайды.

Зерттеу мақсаты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерін зерттеудің когнитивтік-фреймдік талдау үлгісін ұсыну және кәсіби білімнің вербалдану ерекшелігін айқындау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- дәстүрлі терминтанымнан когнитивтік терминтанымға дейінгі зерттеу бағыттарына шолу жасау;
- когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдарын айқындау;
- дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарын анықтау;
- терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдерін анықтау;
- медициналық терминдерді зерттеудегі фреймдік талдаудың әдіснамалық негізін айқындау және когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесін ұсыну;
- қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясын құру және салғастыра талдау;
- офтальмология терминдерінің электронды сөздігін жасау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – қазақ және ағылшын офтальмология терминдері.

Зерттеу пәні. Медициналық дискурстағы қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізіне** дәстүрлі терминтаным теориясы бойынша О. Вюстер, Дж.А. Фодор, Э. Хауген, М. Бергер, Г. Фельбер, Р. Джекендоф, А. Рей, Дж. Сейгер, Д.С. Лотте, Г.О. Винокур, А.И. Крылов, А.А. Реформатский, В.П. Пран еңбектері алынды, қазақ терминтанымының алаш кезеңіндегі ұстанымдары мен терминжасау қағидаттары, пән сөздерін қалыптастыру тарихы А. Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, С. Қожанұлы, Ғ. Қараш, А. Қонқашпайұлы, Ж. Күдерин, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрекұлов, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов т.б. еңбектері негізінде зерделенді. Салғастырмалы терминтану бойынша Д.С. Лотте, М.О. Исамбаев, Е. Рамазанов, Е.А. Молдатаев, С.С. Джансеитова, Ж.С. Бейсенова, Р.С. Баймуханбетова, Г.К.

Исмаилова, К.А. Ашинова, А.Р. Сулькарнаева, Г.З. Бейсембаева, А.Т. Бакеева, Г.А. Қожахметова т.б. еңбектер назарға алынды. Терминнің функционалды бағыты Б.Н. Головин, И.В. Арнольд, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, А.С. Герд, Л.Б. Ткачева т.б. еңбектері бойынша талданды. Семасиологиялық терминтаным бойынша С.В. Гринев-Гриневич, Ө. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, С.Қ. Әлісжанов, С.С. Исакова, Қ.Ж. Айдарбек, Б. Жөнкешов, С. Құлманов т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Терминді зерттеудің ономасиологиялық бағыты В.П. Даниленко, Қ.Ж. Айдарбек, А.З-Қ. Бисенғали, Қ.С. Алдашева еңбектері, әлеуметтік-лингвистикалық терминтану Е.Д. Поливанов, И.В. Арнольд, О.Б. Алексеев, М.В. Володина, Л.В. Ивина, О.Г. Козловская, Д.И. Лебедев, А.В. Суперанский және т.б. ғалымдар еңбектері негізінде зерделенді.

Когнитивтік терминтанымның теориялық мәселелері бойынша В.М. Лейчик, М.Н. Володина, Е.И. Голованова, Л.М. Алексеева, С.Л. Мишланова, Л.А. Манерко, В.Ф. Новодранова, Ю.А. Воробьева, И.С. Гаврилина, К.А. Громова, Л.В. Ивина, О.Г. Козловский, Д.И. Лебедев, М.Т. Қожаева, А.Х. Азаматова, С.С. Исакова, Н.У. Абдуллина еңбектері негізге алынды. Терминологиялық концепт, кәсіби концепт М.В. Прищепенко, Е.И. Гуреева, К.В. Данилов, ғылыми дискурс С.П. Хижняк, С.С. Исакова, салалық терминдерді когнитивтік талдау Л.М-Р. Аллафи, Э.А. Сорокина, Е.А. Слоева, Е.Д. Макаренко, О.С. Заборовская, Д.Ю. Криницкий, Е.С. Закирова, Е.В. Швецова, С.И. Маджаева т.б. еңбектер назарға алынды. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын жасауда О.В. Гусельникованың, М.Г. Заседателеваның, Ю.С. Смирнованың, А.З. Абдурахманованың, П.А. Фабердің, С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде қазақ және ағылшын офтальмология терминдері және олардың сөздік мақалалардағы және оқулықтардағы анықтамалары алынды. Қазақ тіліндегі көз аурулары терминдер корпусын құруға 20 сөздік жиналды. Олар 1963-2014 жылдарда жарық көрген. Қ. Жалмұхамедовтің «Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» (1977, 96 бет), С. Төлеуова, Ж.Ғ. Мұстафинаның құрастырған «Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі» (1998, 107 бет), М. Исамбаев, А.А. Сүлейменов құрастырған «Медициналық анықтамалық» (1965, 125 бет), С.Ж. Керімбеков «Физиология атауларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі» (1992, 280 бет) бойынша 38 баспа табақ мәтін талдауға алынды, нәтижесінде 350-ге жуық офтальмология терминдері және олардың анықтамалары жиналды. Ағылшын тілі бойынша 12 сөздік корпусы жиналды. Олардың ішінде ағылшын офтальмологиялық терминдер сөздігінің саны – 3. *Millodot: Dictionary of Optometry and Visual Science*, 7th edition. (2009). <https://medical->

dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological, R.J. Barry, A.K. Denniston A Dictionary Ophthalmology. Publisher: Oxford University Press Published online: 2017 DOI:10.1093/acref/9780191830099.001.0001, *Jeffrey D. Henderer* Dictionary of Eye Terminology. Released: September 2024. Ағылшын тілі бойынша 43 баспа табақ сөздік мәтіні талдауға алынып, олардан 358 термин және оның анықтамасы жиналды. Қазақ тілінде офтальмология оқулықтары бойынша 87 баспа табақ мәтін талданды. Ағылшын тілінде 94 баспа табақ офтальмология оқулықтары талдауға түсті.

Зерттеу әдістері. Диссертацияда сипаттау, жалпылау, салыстыру, талдау, қорытындылау сияқты жалпығылыми әдістер пайдаланылды. Зерттеу барысында қолданылған лингвистикалық әдістер: компоненттік талдау, семалық талдау, лексика-семантикалық талдау, салғастырмалы әдіс, сөздіктерден түгелдей теру әдісі, сандық-статистикалық талдау. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын таңдауда О.В. Гусельникованың фреймдік талдау мүмкіндіктері (Гусельникова, 2009), М.Г. Заседателеваның әдістемелік дискурста «Құзіреттілік» концептісінің бейнеленуі (Заседателева, 2011), Ю.С. Смирнованың сепсис терминологиялық өрісін дефинициялық үлгілеудің когнитивтік-дискурсивтік аспектісі (Смирнова 2011), А.З. Абдурахманованың құрылыс терминологиясын лингвистикалық үлгілеу (Абдурахманова 2016), П.А. Фабердің терминология мен арнаулы тілге когнитивті лингвистикалық көзқарасы (Faber 2012), С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың көші-қон терминологиясын фреймдік талдау (Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова, 2020) еңбектері негізге алынды. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді үлгісі жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Терминтаным туралы алғашқы пікірлер қайта өрлеу дәуірінен басталады. Термин туралы алғашқы теориялық тұжырымдардың мазмұны терминнің дамуына бақылау (жоспарлау, біріздендіру, стандарттау) жасау, стандарттау құралдарын анықтау қажеттігі, халықаралық терминдерге басымдық беруді құрады. Термин ұғымының күрделілігі оны зерттеуде бірнеше ғылыми бағыттардың пайда болуына әкелді. Теориялық, қолданбалы, жалпы және жеке терминтану, типологиялық, салғастырмалы, функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, тарихи, әлеуметтік, когнитивтік бағыттар қалыптасқан.

2. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары төмендегідей айқындалды: 1) Когнитивті терминтанымда терминнің анықтамасына деген көзқарас өзгерді. Дәстүрлі терминтанымда термин белгілі бір ғылым саласының заттары мен құбылыстарының атауын білдіретін тілдік таңба деп танылса, когнитивтік терминтанымда терминді тек ғылыми ұғымның атауы ғана емес, кәсіби маманның ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде танылады. 2) Тілдік таңба мен менталды құрылымдардың арасындағы байланысты анықтаудың жаңа

ұстанымы. Термин таным үдерісінде жасалады, өңделеді және өзгеріске ұшырай отырып дискурста материалданады. 3) Терминнің қызметі туралы пікірлердің толығыуы. Терминнің когнитивтік қызметтеріне коммуникативтік, ақпараттық, эвристикалық, прагматикалық, бағыт-бағдар беру, дидактикалық қызметтері жатады. 4) Терминді үнемі даму үстінде болатын құрылым деп тану ұстанымы. Дәстүрлі терминтанымда терминнің анықтамасы оған қойылатын талап ретінде сипатталды, бірақ оның ғылымның дамуы мен ғылыми ой-пікірлердің толығыуы нәтижесінде өзгеріске ұшырап отыратындығы назарға алынбады. Термин ғылым мен техниканың дамуына байланысты өзгеріп, толығып отырады. 5) «Кәсіби тілдік тұлға – когнитивтік терминтаным категориясы» ұстанымы. Кәсіби маманның өзі таңдаған ғылым саласын біртіндеп игеруіне бағытталған іс-әрекеті; Осындай іс-әрекет арқылы жинақталған кәсіби тәжірибе түрлі қиындықтағы кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, оны шешетін құзіреттіліктерді қалыптастырады. 6) Термин мен концепт арақатынасы ұстанымы. Термин-концепт бір жағынан дүниенің ғылыми бейнесінің белгілі бір бөлшегі туралы ақпаратты біздің санамызда сақтайтын менталды құрылым болса, екінші жағынан термин-концепт мәдениеттің негізгі бірлігі болып саналады. Бұл әсіресе ұлттық-мәдени белгісі басым болып келетін терминжүйелерде жиі кездеседі.

3. Дүниенің тілдік бейнесі мәдениетте қалыптасқан күнделікті дүниетанымды білдірсе, дүниенің ғылыми бейнесі логикаға, тәжірибеге және теориялық үлгілерге сүйенеді. Олар өзара байланысты, ғылым тілді жарыққа шығару құралы ретінде пайдаланса, тіл ғылымның даму деңгейіне бейімделеді. Кәсіби тілдік тұлға дегеніміз арнайы лексиканы меңгерген адам ғана емес, ол өзінің кәсібінің тілдік, когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктерін білетін кәсіби дискурс тасымалдаушысы болады. Аталған ұғым кәсіби қарым-қатынаспен тығыз байланысты және әртүрлі кәсіп саласының ерекшеліктерін бейнелейді. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы білім алу, кәсіби тәжірибе және кәсіби қауымдастық саласындағы өзара қарым-қатынас үдерісімен анықталады.

4. Терминжасамдағы метафоралау тәсілі күрделі концептілерді түсінікті етеді және еске сақтауға көмектеседі. Метонимиялау тәсілі терминдерді олардың қызметтері мен сыртқы сипаттарымен байланыстыра отырып терминдер жасайды. Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері ғылыми және кәсіби дискурстағы маман мен оның ойлау үдерісінің нәтижесінде тілде бұрыннан бар заттар мен құбылыстардың ұқсастығына, байланысына негіздей отырып жаңа терминдер жасаумен анықталады. Аталған когнитивтік механизмдер кез келген ғылымның терминдер жүйесін толықтыруға және кәсіби қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді.

5. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді үлгісі ұсынылды. Талдау төрт кезеңнен тұрады: 1)

ұғымдық-фреймдік талдау; 2) корпусстық-терминологиялық; 3) анықтамалық; 4) салғастырмалы талдау.

6. Қазақ және ағылшын офтальмология сөздіктеріндегі анықтамаларға ұғымдық компоненттер тән. Аталған ұғымдық компоненттер терминнің фреймдік құрылымын жасауға қатысады. Екі тілдегі ұғымдық компоненттер бір-бірімен толық сәйкес келмейді. Оның себебі офтальмологиялық білімдердің даму және қалыптасу тарихына, терминжасау тәсілдері мен терминжасам дәстүрлеріне, аталған ғылым саласының зерттелу деңгейіне байланысты анықталады. Сөздік анықтамалармен салыстырғанда фрейм құраушы компоненттердің саны оқулықтарда басымдық танытты. Оқулық анықтамаларында ұғымдық және прагматикалық компоненттер екі тілге де ортақ екенін зерттеу барысы анықтады. Ағылшын офтальмология оқулықтарындағы анықтамалардан әлеуметтік компонент анықталды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері жасалу тәсілдері жағынан бір-біріне ұқсас. Олар негізінен морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады.

7. Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі табиғи метафоралық үлгі үшке жіктеледі: зооморфтық үлгі, ботаникалық үлгі, географиялық үлгі. Антропоморфты метафоралық үлгі екіге бөлінеді: әлеуметтік үлгі және артефакт үлгі. Офтальмология терминжүйесіндегі метафоралардың когнитивтік үлгілері оларға тән әмбебап сипаттар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің болатынын көрсетті.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты айқындалды. Офтальмологиялық ой-пікірлердің пайда болуынан бастап қазіргі даму деңгейі, кәсіби білімнің вербалдану ерекшелігі анықталды. Дәстүрлі терминтанымның зерттеу бағыттары хронологиялық ретпен қарастырылып, когнитивтік терминтанымның пайда болу алғышарттары сипатталды. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары анықталды. Дүние бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі, дүниенің қарапайым бейнесі, дүниенің ғылыми бейнесі ұғымдары теориялық еңбектерге сүйене отырып талданды, анықтамалары нақтыланды. Когнитивтік терминтанымның базалық ұғымдарының бірі саналатын кәсіби тілдік тұлға категориясы сипатталды, анықтамалары салыстырмалы түрде талданды. Офтальмология терминдерін жасаудағы морфологиялық, синтаксистік, семантикалық тәсілдер анықталып, қазақ және ағылшын тілдері материалдары бойынша салғастыра талданды. Терминжасамның метафора және метонимия тәсілдеріндегі когнитивтік механизмдер анықталды.

Зерттеуде терминтану, терминтаным, когнитивтік терминтаным, когнитивті лингвистика мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық еңбектерге жан-жақты

талдау жасалды. Диссертацияның ғылыми-теориялық негізін анықтау зерттеудің әдістері мен тәсілдерін таңдауға ықпал етті.

Жұмыста офтальмология терминдерін зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде фрейм теориясы басшылыққа алынды. Нәтижесінде офтальмология терминжүйесін зерттеудегі когнитивтік-фреймдік бағыттарды негізге ала отырып, кез келген терминдік жүйені зерттеуге болатын когнитивтік-фреймдік талдаудың салғастырмалы кешенді әдістемесі ұсынылды. Аталған әдістеме бойынша терминді когнитивтік-фреймдік талдау үлгісі жасалды, ол бірнеше талдау кезеңдерінен тұрады.

Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесін когнитивтік-фреймдік талдау үшін лексикографиялық дереккөздер мен оқулық мәтіндері алынды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясы салғастыра талданды, оларға тән ортақ және айырым белгілер анықталды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі метафоралық үлгілер анықталды, салғастыра талданды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдер сөздігі электронды нұсқада дайындалды.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін салғастыра талдап, олардың фреймдік құрылымы анықталып, сызбаларға түсірілді, сөздік және оқулық мәтіндеріндегі терминнің анықтамалары когнитивтік-фреймдік талдауға түсті, сандық және пайыздық көрсеткіштері анықталып, соған сәйкес тұжырымдар ұсынылды.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесі когнитивтік-фреймдік көзқарас тұрғысынан талданды. Терминтаным тарихынан басталған зерттеу бағыттары хронологиялық ретпен зерделеніп, қазіргі когнитивтік терминтанымның пайда болуының алғышарттары анықталды. Когнитивті терминтанымның тірек ұстанымдары айқындалды. Дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдары когнитивтік терминтаным теориясы тұрғысынан тұжырымдалды. Терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдері талданды. Фреймдік талдау офтальмология терминдерін зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылды. Терминді когнитивтік-фреймдік талдаудың салғастырмалы кешенді әдістемесі ұсынылды. Аталған әдістеменің жаңалығы және маңыздылығын оны кез келген ғылым саласының терминжүйесін когнитивтік-фреймдік талдауға болатын кешенді әрі әмбебап сипатымен анықтауға болады. Ұсынылған әдістеменің зерттеу кезеңдеріне сәйкес қазақ офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы жасалды. Ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы анықталды. Құрылысы әртүрлі екі тілдегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясы алғаш рет салғастырмалы аспектіде талданып, ортақ және айырым белгілері анықталды. Қазақ және ағылшын офтальмология

терминдер жүйесіндегі метафоралық үлгілер анықталып, нақты тілдік бірліктер арқылы дәлелденді. Электронды офтальмологиялық терминдер сөздігі жасалып, сайт құрылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертацияның бірінші бөлімінде зерделенген теориялық еңбектер, терминолог ғалымдардың пікірлеріне жасалған сыни талдаулар, дәстүрлі терминтаным мен когнитивтік терминтаным ұстанымдарын салыстыра отырып жасалған тұжырымдар, когнитивтік терминтанымның кәсіби дискурс, ғылыми дискурс, кәсіби тілдік тұлға, дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің арақатынасы, фреймдік талдаудың әдіснамалық негіздеріне байланысты айтылған пікірлер мен тұжырымдар жалпы қазақ терминтанымын, когнитивтік терминтаным теорияларын толықтыруға ықпал етеді. Кез келген терминдік жүйені талдауға арналған когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесі когнитивтік терминтанымның әдіснамалық сұрақтарын шешуде маңызды болмақ.

Зерттеудің практикалық мәні. Зерттеу жұмысында талданған офтальмология терминдері қазақша-ағылшынша сөздік құрастыруда, терминдердің жиналған анықтамалары түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар жасауда пайдалы болады. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау үлгісі терминология, лексикология пәндерінің практикалық сабақтарында пайдалануға көмегін тигізеді. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдау барысында алынған нәтижелер курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік, докторлық диссертациялар жазуда қызығушылық тудырады. Зерттеу нәтижесінде жасалған электронды офтальмология сөздігі басқа сөздіктер құрастыруға негіз болады. Офтальмология терминдеріне арналған сайт кәсіби мамандардың, болашақ көз дәрігерлерінің, терминолог ғалымдар мен ізденушілердің пікірталас алаңына айналып, қазақ тілінде офтальмология терминдерінің қалыптасуына, оқулықтарының жазылуына ықпал етеді.

Зерттеу апробациясы. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі ХІ халықаралық конференцияда (Ақтөбе қаласы, 1 қараша 2024 жыл), «Филология: қазіргі ізденістер» ғылыми семинарда (Уфа қаласы, 24 сәуір 2024 жыл), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» ғылыми семинарында (2023 жыл), «Филология: қазіргі ізденістер» ғылыми семинарда (Ақтөбе қаласы, 23 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 6 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған

еңбектер:

1. Metaphorical Models of Ophthalmology Terms in Kazakh and English // World Journal of English Language. Vol. 15, No. 4; 2025. P. 203-212. Процентиль: 47%, Q2. DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v15n4p203>
2. Frame representation of medical terminological system in kazakh and English // Forum for Linguistic Studies, Vol. 7, Iss. 5, may, 2025. Page 255-268. Процентиль: 55%, Q2. <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/index> DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i5.9233>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

3. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №4/2023. 162-176 бб. <https://ojs.egi.kz/index.php/BULLETIN/issue/view/42/69>
4. Терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдері // Абылай хан атындағы ҚХҚЖӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, Том 74 №3 (2024), 322-343 бб. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1287/450>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

5. Терминдерді зерттеудің танымдық сипаты // Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі ХІ халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, 2024. – Б. 300-304.

6. Ғылыми дискурс ерекшеліктері // Филология ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми-инновациялық басқарманың іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу секторының бас ғылыми қызметкері, башқұрт филологиясы кафедрасының меңгерушісі Зугура Ыдырысқызы Саяхнованың 65 жылдығына арналған «Түркі филологиясы заманауи жетістіктер аясында» бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. 4 сәуір 2025 жыл. – Стерлитамак: УҒТУ-нің Стерлитамак филиалы, 2025. – Б. 169-174.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 9 суретте, 35 кестеде көрініс тапты. Пайдаланған әдебиеттер тізіміне 198 атау енеді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 147 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **когнитивті лингвистика, когнитивті терминтаным, дискурсология** сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Докторант ғылыми зерттеу бойынша жарияланған еңбектердің теориялық тұжырымдарын жасауға, практикалық материалдарды талдауға қатысты. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.